

Мемлекеттік тіл - Менің тілім!



- Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: “Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады” - деген. Тіл байлығы - әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті.
- Амал не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемей – қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтермеуіміздің қатерлі дерті болып табылады. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің “Туған тіліне жаны ашымаған адам жәндік” -деп ашына айтқаны ойға оралады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағын да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйледі әдетке айналдырған. Ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Төл тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп өсірген ананды ұмытумен бірдей.



*Тілден артық
қазына жоқ,
Тілден артық
қасиет жоқ.*

*Н.
А.НАЗАРБАЕВ*

Қазақ тілі (төте: قازاق تىلى, латын: qazaq tili) — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі.

Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қарайым, қырымтатар тілдеріне жақын.





Қазақстан Республикасының Ата заңы Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып, 1989 жылы мемлекеттік мәртебе алды деп жазылған. Тілдер күні 22 қыркүйек болып белгіленді.

Қазақстан мемлекетінің тіл туралы заңы

1. Мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын нақтылау;

2. Тіл саласындағы нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, әсіресе жаңа технология саласында;

3. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру міндеттерін орындау үшін шаралар қолдану;

4. Тіл туралы Заңды жүзеге асыруға қажетті ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық және кадрлық ресурстарды барынша тиімді пайдалану;

5. Тілді оқыту мен үйретудің озық әдістемелері мен жаңа технологияларын енгізу;

6. Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңейту, іс-қағаздарын кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіруді нақты қолға алу.

«Астана қаласындағы мемлекеттік тілдің орнығуының әлеуметтік уәждері мен проблемалары» тақырыбындағы әлеуметтік зерттеудің сауалнамасы

Сәлеметсіз бе құрметті респондент. Сізден Астана қаласының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының тапсырысы бойынша жүргізіліп отырған сауалнамаға қатысуыңызды сұраймыз. Сауалнама анонимді түрде өткізіледі. Сауалнама нәтижелерін өңдеу кезінде алынған мәліметтер жалпылама түрде алынады. Сауалнаманы толтыру үшін жауаптың бір (кей жағдайларда – бірнеше) нұсқасын таңдап алып, дөңгелектеп қоршау керек.

Әріптестігіңіз үшін рахмет!

1. Бүгінгі таңда өңірдегі ұлтаралық қарым-қатынас қандай деп ойлайсыз?

1. Достық
2. Тыныш
3. Бейтарап
4. Ширыққан
5. Шиеленісті
6. Жауап беруге қиналамын

3. Мемлекеттік тілдің орны Сіз үшін қандай?

1. Ол ұлттық мәдениеттің бір бөлігі
2. Тәуелсіздіктің символы
3. Қазақ халқының мәртебесінің символы
4. Ұлт бірлігінің басты факторы
5. Қарым-қатынас құралы
6. Ұлттық қарым-қатынастағы шиеленістіретін фактор
7. Ұлттық кемсіту деп ұғамын
8. Мемлекеттік тілдің мен үшін ешқандай маңызы жоқ
9. Жауап беруге қиналамын

5. Қазіргі уақытта қазақ тілін үйренудесіз бе?

1. Иә
2. Жоқ





6. Егер сіз қазақ тілін меңгермеген болсаңыз, тілді үйренуге деген ниетіңіз бар ма?

1. Иә
2. Жоқ, өйткені мен қазақ тілін жақсы білемін
3. Жоқ, жақын арада қазақ тілін үйренбеймін (келесі сұраққа көшіңіз)
4. Басқа

7. Қазақ тілін үйреніп жүргеніңізге қанша уақыт болды?

Өз жауабыңыз

11. Қазақ тілін білмегендігіңіз үшін мансаптық өсуде кедергілер болды ма?

1. Иә, болды
2. Болды, бірақ тікелей емес
3. Әзірше жоқ, бірақ ондай мүмкіндікті жоққа шығармаймын
4. Болған жоқ
5. Жауап беруге қиналамын

12. Орыс тілін білмегендігіңіз үшін жұмыста қиындықтар туды ма?

1. Иә, туды
2. Ондай сәттер болды
3. Болған жоқ



14. Сіз жұмыс орныңызда көбінесе қай тілде сөйлесесіз?

1. Қазақ тілінде
2. Орыс тілінде
3. Екі тілде де

15. Отбасыңызда қай тілде сөйлесесіз?

1. Қазақ тілінде
2. Орыс тілінде
3. Екі тілде де

17. Халыққа қызмет көрсетудегі жаңа жетістіктерді қай тілде пайдаланасыз?

	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>	<i>Ағылшын тілінде</i>
Банкоматтар	1	2	3
Ұялы телефонның балансын толықтыру терминалдары	1	2	3
Интернет	1	2	3
Кітапханадағы электронды каталог	1	2	3
Қоғамдық терминалдары	1	2	3

21. Сіздің жынысыңыз:

1. Әйел
2. Ер

22. Сіздің жасыңыз:

1. 18-ден 29-ға дейін
2. 30-дан 39-ға дейін
3. 40-тан 49-ға дейін
4. 50-ден 59 –ға дейін
5. 60 және одан асқандар

23. Сіздің біліміңіз:

1. Бастауыш
2. Жалпы орта
3. Арнайы орта
4. Аяқталмаған жоғары
5. Жоғары

24. Сіздің ұлтыңыз:

1. Қазақ
2. Орыс
3. Басқа (көрсетіңіз) _____

26. Мемлекеттік қызметкердің қай санатына жатасыз?

1. саяси мемлекеттік қызметші
2. әкімшілік мемлекеттік қызметші

27. Қай жерде тұрасыз:

1. Қала
2. Ауыл

Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін рахмет!

Сауалнама ҚОРЫТЫНДЫСЫ:


Сауалнама толтырушылардың :

- 33% ерлер
- 67% әйелдер

Қорытынды: Астана халқының 14,4 % мемлекеттік тілді үйренуге ниетті емес, 85,6 % мемлекеттік тілді үйренуді қолдайды.




Сауалнамаға қатысушылардың






Сауалнамаға қатысушылардың ұлты



Сауалнамаға қатысушылардың мекені



- Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі жүргізген 2009-шы жылғы халық санағы қорытындыларына сүйенер болсақ, еліміздегі қазақтардың үлес салмағы 63,1 пайызды құраса, қалған 36,7 пайызы басқа ұлттардың еншісінде екен. Ал мемлекеттік тілге қатысты қойылған сұрақтар бойынша, 115 мың қазақ ана тілінің орнына басқа тілді таңдаса, 15 жасқа толған қазақтардың 500 мыңы қазақ тілін тек қана түсінетін болып шықты.



**Назарыңызға
рахмет!!!**

